



## Өрісі кең өнер ордасы

Рухани-мәдени шараға түгіскендіктен қатты дайындалыпты. Бір жағынан, мұны аудан басшыларына білдерген алғысы ретінде қабылдадық. Шара әжелердің әсем әнімен ашылды. Одан ауыт өнерпаздары Абайдың қара сөздері мен өлеңдерін оқып, философиялық ой түйді.

Аудан әкімі Руслан Рустемов қуанышты күнге ортақтасып, философ, ағартушы, ақын Абайдың ұлтты рухани-мәдени дамытуға қосқан үлесін сөз етті.

Ал ауылдық округтің ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермағамбет Ибрагимов клуб үйінің жөнделуіне мән берген аудан басшыларына алғысын білдірді. Шыранын сонында Сардар Садықов әріптестеріне «Абай күні» челеңдіні жолдады.

Біз шарадан кейін клуб үйінің директоры Бақыт Тасқожаеваны әңгіме тарттық.

— Клуб үйі заманауи келбетке енді. Жылпыту қазандығы орнатылып, бөлмелердің іші жылыды және сахна жаңарып, аудандық, облыстық деңгейдегі іс-шаралар өткізуге мүмкіндік ашылды. Клубтың атауы жазылған тақтайша ілініп, ауласы абаттандырылды, — деп қуанышын жеткізді Бақыт Тұрсынханқызы.

Аудан басшысы Руслан Рустемов клуб үйінің өнерпаздарына қажетті сахналық кийімдерді тіктіруге демеуші тауып, ұлттық дизайнды топтамаға қол жеткізді. Өнерпаздар үшін бұдан асқан сыйлық бар ма?

Бүгінде көпшілік жинардаға тиым салынғанды өнерпаздардың шабытына тусуа бола алмады. Мұны клуб үйінің өнерпаздары әлеуметтік желіде жиі жариялайтын іс-шараларынан байқадық. Жауапкершілік жүгін төс көтерген ұжымда есіліш Сәби Төшев, мәдени ұйымдастырушы Бекқожа Атақожаев, баяншы Арай Көптілеуова мен Бауыржан Құрманбаев онлайн байқауларға белсенді қатысып жүр. Мәселен, «Сана тазармай, дала тазармайды», «Сыбайлас жемқорлықсыз ел — өркендеуші ел» іс-шарасы, «Үкілі домбыра» үйірмесінің «Кел, домбыра үйренейік!» онлайн сабағын клуб үйі әлеуметтік желідегі парақшасынан көруге болады.

Клуб үйінің бүгінге дейін жеткен жетістіктері мол. Соңғы бес жылды тарқатар болсақ, 2015 жылы «Өнерлі өңір» телевизиялық байқауына қатысып, үшінші дәрежелі дипломмен марапатталды. 2016 жылы Тәуелсіздіктің 25 жылдығы аясында «Әуезді әулеттен әжелер» атты облыстық байқауында қара үзді. 2018 жылы Кеңес Одағының батыры Ә.Әбуғалиповтің 95 жылдығы аясында клуб қызметкерлері арасында сценарий жазудың облыстық байқауында бірінші орын алды. 2019 жылы «Үздік көшбасшы клуб» облыстық байқауында бас жүлдені иеленді. Сондай-ақ, «Асқақта ән ауылымының көгінде», «Әжем айтқан ертегі», «Үздік әнші», «О, гитара шырақайық сені» байқауына клуб өнерпаздары қатысып, жүлделі орындар иеленді.

Ал клуб үйінің тізгінін ұстаған Бақыт Тасқожаева мәдениет саласына сіңірген еңбегі бағаланып, «Елеулі еңбегі үшін» медалмен және Қызылорда облысының ауыл әйелдерінің форумында «Мәдениет саласының үздігі» номинациясымен марапатталды.

Облыстағы үздік өнер ордасының біріне айналудың сырын сұрадық. — Біздің өнерпаздар үнемі ізденіп жүреді. Аудандағы, облыстағы шығармашылық ұжымдармен тәжірибе алмастырып, репертуарымызды байытуға мән береміз. Бір ғана мысал, сазгер, дережер, Түгіскен балалар өнер мектебінің директоры Құлмахмет Нәлтеев ағамызбен шығармашылық байланыстамыз, — деп жетістіктің сырын бөлісті клуб үйінің директоры.

Аққорғанға қандай басшы келсеңіз, клуб үйін жөндеу керектігі айтылатын. Биыл осы мәселе шешімін тауып, қуанышты күнге ұласты. Мұны «Абай» күнімен орайласқан шарада сезініп қайтық...

Елдегі карантин режиміне байланысты шектеу шаралары күшейтілуде. Кейбір өңірлер індеттің алдын алу мақсатында карантин жүйесін қатаң бақылауға алды. Сондықтан көптеген мәдени, спорттық іс-шаралар тек онлайн түрде өткізілуде. Біздің ауданның өнер ұжымы да жоспарлы шараларын онлайн бағытта ұйымдастырып, көрермендер ықыласына бөленуде. Біз қазан-қараша айында өткен шараларды саралап, біркатарын басылым бетіне жариялауды жөн көрдік.

Әсәль РЗАЕВА

### «Абай жаққан бір сәуле сөнбес үшін»

Биыл қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толды. Осыған орай, мәдени, рухани шаралар ұйымдастырылып, ақын шығармашылығы дәріптелуде. Манап Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйінде Абай шығармашылығын өскелең ұрпақтың санасына сіңіру мақсатында «Абай жаққан бір сәуле сөнбес үшін» атты байқау ұйымдастырылды. Рухан кеш ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» және аудандық мәдениет үйінің «Жастармен жұмыс» бөлімшесі мен Ашық азаматтық қоғам ақпараттық ресурстық орталығының ұйытқы болуымен өтті.

Дана Абайдың шығармашылық мұрасы бүгінгі күн тұрғысынан жаңаша дәмдеуіш, болашаққа сағат алтынды құнды күйінде жеткізуді мақсат еткен шараға 8-11 сынып оқушылары қатысқан. Шара тіл көркемдігін, сөз байлығын, оқушы дүниетанымын, ой-өрісін дамытуды мақсат еткен. Бұл іс-шара бір жағынан оқушының білім деңгейін көтерсе, екінші жағынан тіл сауаттылығын арттыруға септігін тигізеді.

Нәтижесінде жүзден жүйрік танылған Төменарық ауылының тумасы Ұлжан Асылбекқызы бірінші орынды иеленсе, Әмірсерік Батырхан екінші, ал Әліппа Мерей үшінші тұғырға көтерілді. Жеңімпаздарға арнайы смартфондар табысталды. Ал, қалған қатысушы үміткерлерге алғыс хаттар мен бағалы сый-сияпаттар берілді.

Абайды қалай дәріптесек те жарасады. Оның ғибаратты ғұмыры мен шынайы шығармашылығы — қазақ халқына ғана емес, жаһан жұртына да ұлпа-өнеге. Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет пен билік, тіл мен қарым-қатынас туралы айтқан ой-тұжырымдары ғасырлар өтсе де маңызын жоғалтпайды. Өйткені, ақынның мұрасы-бүкіл адамзат баласының рухани азығы.

«Туған өлкем — Ажмақ мекен»

## ЕЛ ІШІ — ӨНЕР КЕНІШІ



Жаңақорған ауданы ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ қолдауымен, аудандық мәдениет үйі мен «Ашық азаматтық қоғам» ақпараттық-ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Туған өлкем — Ажмақ мекен» аудандық үздік бейнероликтер байғесінің қорытынды марапат кеші өтті.

12 бейнероликтердің арасынан үздік деп танылған 3 ролик таңдалып алынды. Бағалау барысында түсірілген бейнероликтердің сапасына, тақырыпты аша алуына байланысты қойылған критерийлер қамтылды. Нәтижесінде 3-орын (20 000 тг) Жайдарман жоғарғы лига ойындарының финалисті «Жаңақорған құрамысы» командасының мүшесі Құлтас Асқатқа бұйырды. Екінші орын (30 000 тг) аудандық балалармен мәдени-тәрбиелік жұмыстар орталығы робототехника үйірмесінің оқушысы Әліби Мұсахановтың еншісінде кетті. Ал бас жүлде (50 000 тг) «KenanToreCinema» ұжымына табысталды.

Виртуалды кітап көрмесінің мақсаты неде?

Жаңақорған аудандық орталық кітапханасының ұйымдастыруымен ғалым, ағартушы, тарихшы Шоқан Уәлихановтың туғанына 185 жыл толуына орай «Дарынды ғалым, демократ» атты виртуалды кітап көрмесін ұсынды. Шыраның мақсаты Шоқан Уәлихановтың қысқа да саналы ғұмырында артына қалдырған сан қырлы ғылыми еңбектері туралы кеңінен мағлұмат беру, елі, халқы үшін істеген игі істерін мақтан ету, үлгі ету. Шоқанды тану арқылы ұлттық сана мен патриотизмге, рухани білімділікке, мәдениеттілікке тәрбиелеу. Ұйымдастырылған шара өз деңгейінде өтіп, көпшіліктің көңілінен шықты.

Тілеу Тотаевты еске алу кеші  
Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері Тілеу Тотаевтың 100 жылдығына арналған «Ғибабатты ғұмыр» атты еске алу шарасы болып өтті. Шара барысында үстіміздегі жойы Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай ұйымдастырылған Т.Тотаев атындағы «Жеңіске жетелеген жырлар» атты

патриоттық ән орындау шеберлері байқауы қортындыланып, байқау жеңімпаздары марапатталды. Сондай-ақ 2-шақырымға жүгірден желаяқтар жарысы және т.б спорттық ойындар ұйымдастырылды. Естеліктер айтылып айтыскер ақын Әбілқайыр Әбілпаттаулының арнау өлеңдері оқылды.

### Сапарғали Бегалиннің туғанына 125 жыл

Жаңақорған аудандық балалар кітапханасы жазушы, қазақ балалар әдебиетінің көшбасшысы, көрнекті суреткер Сапарғали Бегалиннің туғанына 125 жыл толуына орай «Бала Шоқан» атты повестіне арналған танымдық бейнероликтерін ұсынды. Жазушы туралы мағлұмат беру, шығарманың мазмұнын игеріп, идеясын ашу, оқушыларды адамгершілік қасиеттерге, жанашырлыққа, уәдеге беріктікке үйрету, өнерге деген қызығушылығын арттыру, таным қабілеттерін, шығармашылығын дамыту мақсатында өте әдемі туынды көпшілікке жол тартты.

### «Сауран думан» шаурытқан кеш

Қандөз ауылдық клубы ұйымдастыруымен Қандөз ауылының тумасы, әнші-композитор, ғалым Сауран Елеуовтың «Сауран думан» атты отбасылық онлайн концерті көрермендерге жол тартты. Елге өнерді сіңген композитор жанды дауыста ән шырақ, өнер сүйеу қауымының ыстық ықыласына бөленді.

Жалпы Сауран Елеуовтың есімі Сыр жұртына ғана емес, елге танымал екені рас. Өнер адамының биігі тыңдармандарымен қауышып, ыстық ықыласына бөленгені гош, сондықтан сазгердің сазды әндері көрермендеріне тағы бір рет ұсынылды.

Жалпы алғанда аудандағы іс-шаралар осылай жүзіледі. Әлі де елдің рухын асқақтатар кештер өтеді, рет-ретімен ақпараттандыратын боламыз.

Адам сөз өнері екі түрлі жолмен игереді — біріншісі, текпен келсе, екіншісі, еңбекпен ұштайды. Кейіпкеріміз Айжарқын Найманбайға сөз өнері текпен келген. Мәдениет саласындағы жаңа жобаларды, идеяларды жүзеге асыруымен танылып келе жатқан жастың жазары көп.

Әли ТЕІМРБЕК



## ӨНЕРДІҢ МӘНІ — ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУДЕ

Ауданда түрлі деңгейдегі іс-шаралар, байқауларда бағын сынап, сыннан сүрінбей, Сыр өңіріне таныла бастаған өнер иелері аз емес. Онлайн режиміне көшсе тек осыны көріп келеміз.

— Менің қызметтегі негізгі міндетім — өнерге аяқ басқан дарын иелерінің жолына шырақ жағу. Бала кезімнен кино түсіру өнеріне қызығып өстім. Арманымды шындауға айналдыру мақсатында Алматыға жол тарттым, — деді ол.

Ол Темірбек Жүргенов атындағы өнер академиясының өнертану факультетінің кинотану мамандығы бойынша білім алады. 2018 жылы еңбек жолын «Қазақфильм» АҚ «ТОН» студиясының ұйымдастырушы ретінде бастайды. Одан кейін Abai.kz ақпараттық-танымдық порталында штаттан тыс тілшісі ретінде жазу өнеріне арнасады. 2019 жыл аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне әдіскер болып жұмысқа орналасады.

— Жастардың шығармашылығын насихаттайтын құрылым құрылды. Қазір соған жеткішкілік етемін. Яғни өнерлі балалар мен жастарды халыққа танытуға қызмет етемін. Ашылғанымызға екі айға ғана болды. Осы уақыт ішінде «Текті сөздің төресі — терме» облыстық байқауын онлайн форматта өткіздік. Алда жоспар көп, — деді Айжарқын.

Өмірде немесе өнерде жол көрсеткен ұстаздарың болды ма? — Иә, мектеп, жоғары оқу орнында тәлім алған ұстаздарым

жетерлік. Бірақ маған осы өнер саласында жол көрсетіп, бағыт-бағдар берген Қалила Омаров ағам болды. Ол жерлес інісі ретінде, өзінен үлгі алатын шығармашыл жан ретінде жол көрсетті. Тіпті қызметке орналағандың алдында аға буын, әпкелер мен басшылық құрамның қолдауы көп. Ең бастысы, олар маған сенім артты, енді сол сенім үдесінен шығып, жауапкершілікті көтере білтім керек.

— Алға қойған қандай жоспарың бар?

— Өнердің мәні — ұлтқа қызмет етуде. Сондықтан өнерге қызмет ету, әсіресе, жас өнерпаздарды халыққа жаңа қырынан таныту үшін жұмыс жасаймыз. Оның бір бағыты орталық алаңдағы LED экранға әрбір әншінің орындауындағы әндерді жиі-жиі беріп отырсақ деген ой бар. Сондай-ақ келер жылдың еншісін қалдырып отырған жоба — Мұқағали Мақатаевтың 90-жылдығына арналады. «Позитив менің жүрегімде» атты шығармашылық кеш қойылады, оған дайындық басталып кетті.

Р.С.: Отбасында төрт ұлдың ортаншысы Айжарқын қазір өз де шаңырақ көтеріп, перзент сүйіп отыр. Талапты ұлдың жарқын бастамаларын байыптап, бағытын білдік. Ең бастысы, оның нақты мұраты бар. Ол — өнерге қызмет ету.



## АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ

Қазақта «Асылдың сынығы» деген әдемі тіркес бар. Өнер өркімге қона бермейтін бақ. Сондай бақтың бірине Сырым Манапты жатқызуға болады. Оның бір басына Жаратушы сан өнерді дарытыпты. Олай демей ше, ол төл аспаптан бөлек, гитара, фортепиано, домбыра примода, контрабаста еркін ойнайды. Таланты жастың талабы да таудай — өз ауылында оркестр құрмақшы.

Әйгерім МЫРЗАХМЕТОВА

— Мен күй ойнап, ән қалықтаған, ақындығы бір төбе шыңарқта өмірге келіпін. Манап Көкеновтың немересі ретінде өнерден өз еншімді алым тиіс. Осы бағытта талаптанп, еңбектеніп келемін. Атамың асыл бейнесіне кір келтірмеу менің азаматтық борышым, — дейді жас талант.

2013-2017 жылы Қызылорда қаласындағы Қазанғап атындағы музыкалық мектепте білім алғаннан кейін туған жерінде қызмет етуге бел буады. Алғашында домбыра, гитара, пианинодан үйірме сыныбын ашып, кейін мәдени ұйымдастырушы болып ауылдан халық аспаптар оркестрін құруды басты мақсаты санайды.

— Бүгінде талантты жастар жетерлік. Солардың басын қосып өнерге баулысам, ауылдың атын шығарып, өнерді дамуына үлес қоссам деймін. Маған әрдайым әкем Убайдулла мен анам Бақыт қолдау көрсетеді, — дейді ол.

Талантты жас қамқорлық көрсетіп жүрген әріптес аға-әпкелерінде тілге тиесі етті. — Осы мәдениет саласына қызмет еткілі аудандық мәдениет үйінің директоры Зулфия Шалабаева апай бағыт-бағдар көрсетіп, шынайы жанашырлық танытып жүреді. Оның белсенділігі арқасында облыстық, республикалық байқаулар аудан төрінде өткізіле бастады. Әсіресе

жастармен жұмыс жасауы және жастарға жол көрсетуі, мәдениет саласының қыр-сырына баулып жүреді, — деп өнердегі қолдаушысы жайлы айтты.

Сырым Манаптың жетістігі бір төбе. 2019 жылы «Үздік жас маман» облыстық байқауында олжа алды. «Үздік жас маман» аудандық байқауында оза шауып, бас жүлде алды. «Көнеден жеткен күй құмбір» атты аудандық күйшілер байқауында дараланды.

Бүгінде «Қаратау қазынасы» халықтық фольклорлық ансамблінің мүшесі.

Үйірмедегі жетістіктеріне тоқталсақ, «Күй атасы — домбыра» атты аудандық домбырашылар байқауында үйірме мүшесі Маржан Әдіманал жұдгерлер қатарынан көрінді. Домбырашылар ансамблі аудандық «Жас талант» байқауында үшінші орынды иемденді. «Бір өзі — бір театр» атанған халық ақыны Манап Көкеновтің немересі Сырымның алға қойған мақсаттары жетерлік. Ешкімге еліктемей, өнер жолында өзіндік жол қалдырған деген оның тұма дарындылығы, ақынжандығы өнерге адалдығы оның ішкі жан дүниесін айнадай ашып береді. Жас талантты бағындырар биіктері қалай да. Біз оған өнер жолындағы алатын талмай, тек биіктен көрін дем тілейміз.

1-бетте



## Өмірі өнермен өрілген

Гүлсара Сартайқызы 1991 жылы Қызылорда музыкалық училищесінің халық аспаптар бөліміне оқуға қабылданады. Сол сәттен домбыра, қылқобыз, шаңқобыз секілді түрлі аспаптарды меңгеріп, бойындағы қабілет қарымын көрсетіп білуге деген құлшынысын дәлелдеген. 1995 жылы аудандағы өнер мектебіне жұмысқа тұрған сәттен оқушыларды өнерге баулып келеді. Алдына келген оқушылардың қарым-қабілетін шыңдауға, әр-түрлі аспапта орындауға бейімдеуде талмай еңбектеніп зор жетістіктерге жете білген. Кейін Алматыдағы Абай атындағы университетте білімін шыңдайды.

Осы ретте 2012 жылы «Саз» домбырашылар ансамблі құрғанын айта кеткен жөн. Ансамбль облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға қатысып, жүлделі дипломдармен марапатталып келеді. Ал 2013 жылы өнерлі оқушылардан «Жас толқын» фольклорлық ансамблін құрып түрлі деңгейдегі байқаулардың жеңімпазы атанып жүр.

Атап айтар болсақ, 2012 жылы «Ақ көгершін», «Құншауақ» халықаралық ән-би байқауында

«Үздік мұғалім» атанса, халықаралық «Ғұмырдария» балалар шығармашылық ән-би байқауында, республикалық «Асыл мұра», «Жас дарын», «Балдаурен», «Рауан», «Көркем мереке» балалар шығармашылық ән-би байқауларында зор жетістіктер көрсеткен.

Сондай-ақ облыстық «Наурыз шапағаты», «Бозторғай», Петропавл қаласында өткізілген Сегіз Сері атындағы I-ші Республикалық Халық аспаптар оркестрлері мен ансамбльдердің өнер фестивалінде, «Көктем мереке» жасөспірімдер мен балалар шығармашылық ән-би байқауына «Аспапта ойнау» номинациясы бойынша «Жас толқын» балалар фольклорлық ансамблі қатысып, нәтижесінде бас жүлдеге ие болды. Республикалық «Жас толқын» балалар фольклорлық ансамблі қатысып, нәтижесінде «Бас жүлде» дипломымен марапатталды.

Ізденімпаз ұстаз жайлы өнер мектебінің директоры Қалдыбай Қошқарбай:

— Гүлсара өте еңбекқор жан. Оның шәкірттері де мектебіміздің маңдайалды оқушылары. Оның

құрған ансамблі жүлдесіз оралған емес. Бұл жетістік маңдай тер мен еткен еңбектің жетістігі. Әлі де жас ұрпақты өнермен сусындатуда талмай еңбектеніп, жетістіктерден көрінетініне сенеміз, — деді.

— Алғашында тек домбырашылар ансамблі құрдым. Оның аты «Саз» деп аталған болатын. Кейін оқушыларыма тек домбыра ғана емес, түрлі аспаптарды меңгертуге күш салдық. Өйткені қабілеті бар оқушылар тыңдау арқылы алып келетінін байқадым. Біздің жұмысымыз балалар арқылы көрінді. Ал оқушыларымыздың жетістігі жетерлік. Музыка мектебінде оқып, кейін Алматыда консерваторияда білімін жалғастырып, шәкірт тәрбиелеп жатқан оқушыларым да көп. Ширек ғасыр бұрын өнер айдынына қонып, сондағы қайнаған өңірдің ортасында өзіндік қолтанбасымен, еңбегімен ерек болып жүрген Гүлсара Сартайқызының қос ішekten күй төгіп жүреткі қозғар әуендерінің әлі де халық ықыласына бөлене беретініне үлкен сеніммен оралдық. Өйткені, ол өз мамандығының майталманы.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихат депутаттары сайлауына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы» газеті сайлауалды үгіт-насихат материалдарын орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады. Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы» газеті 1933 жылдың 1 қыркүйегінен бастап шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері. Таралымы - 6651 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептенгенде: • бірінші бетте орналастыру — 250 теңге; • ішкі беттерде орналастыру — 150 теңге; • ең соңғы түрлі-түсті бетте — 180 теңге. Мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі №58 үй. Жарнама бөлімі: 8 (72435) 79-1-35, 87024961327 e-mail: Janakorgangazeta@mail.ru

## «БАЙКЕН-У» ЖШС «ХАРАСАН-2» КЕНІШІНІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 128 бап 7 тармағына сәйкес, кәсіпорындардың экологиялық қызметі және халықтың денсаулығы үшін қатер туралы жұртшылықты хабардар ету мақсатында тоқсан сайын «Байкен-У» ЖШС «Харасан-2» кенішінде жүргізілетін өндірістік экологиялық бақылаудың нәтижелерін үздіксіз газет беттеріне жариялап отырады. Өндірістік экологиялық бақылау арнайы аккредитацияланған лабораториясы, рұқсаты бар мекемемен келісім келісімшарт негізінде жүргізіледі.

Сонымен қатар, радиациялық бақылау кезеңдік өлшем уақыты сақталынып, тоқсандық ақпарат жасалынып, бақылау органдарының сұранысы бойынша керекті ақпарат Серіктестіктен жіберіліп отырады. 2020 жылдың ІІ және ІІІ тоқсандарындағы өндірістік экологиялық бақылау есептерінің нәтижелері бойынша ластаушы заттардың атмосферға шығындыларының, ластаушы заттардың төгінділерінің, топырақ құрамындағы ластаушы заттардың және радиациялық өлшемдердің санитарлық қорғау аймағында рұқсат етілен шекті нормативтерден аспайтыны төмендегі кестелерде көрсетілген.

№ 1 кесте

Атмосфералық ауа					
Бақылау нүктесінің №	Ластаушы заттардың атаулары	Нақты бақылау нәтижесі (мг/м³) II тоқсан 2020 жыл	Нақты бақылау нәтижесі (мг/м³) III тоқсан 2020 жыл	Белгіленген норматив (рұқсат етілген шекті норматив), мг/м³	Экологиялық ахуалды жіктеу және бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсыныстар
1	2	3	4	5	6
1 (Санитарлық - қорғау аймағы)	Азот диоксиді	0,0178	0,0154	0,2	Бұзушылықтар жоқ
	Азот оксиді	0,0	0,0554	0,4	
	Көміртегі	0,0178	0,0154	0,15	
	Күкірт диоксиді	0,0136	0,0	0,5	
	Көміртегі оксиді	0,0321	0,0	5,0	
	Күкірт қышқылы	0,0	0,0	0,3	
2 (Санитарлық - қорғау аймағы)	Азот диоксиді	0,0154	0,0111	0,2	Бұзушылықтар жоқ
	Азот оксиді	0,0	0,0788	0,4	
	Көміртегі	0,0154	0,0877	0,15	
	Күкірт диоксиді	0,0487	0,0423	0,5	
	Көміртегі оксиді	0,0111	0,0187	5,0	
	Күкірт қышқылы	0,0	0,0	0,3	
3 (Санитарлық - қорғау аймағы)	Азот диоксиді	0,0233	0,0223	0,2	Бұзушылықтар жоқ
	Азот оксиді	0,0	0,054	0,4	
	Көміртегі	0,0135	0,0463	0,15	
	Күкірт диоксиді	0,0154	0,0114	0,5	
	Көміртегі оксиді	0,0835	0,0441	5,0	
	Күкірт қышқылы	0,0	0,0	0,3	
4 (Санитарлық - қорғау аймағы)	Азот диоксиді	0,0711	0,0	0,2	Бұзушылықтар жоқ
	Азот оксиді	0,0456	0,0632	0,4	
	Көміртегі	0,0	0,0221	0,15	
	Күкірт диоксиді	0,0035	0,0	0,5	
	Көміртегі оксиді	0,0145	0,0136	5,0	
	Күкірт қышқылы	0,0	0,0	0,3	

№ 2 кесте

### Су ресурстары, ағынды сулар

Бақылау орны	Ластаушы заттардың атаулары	Белгіленген норматив (мг/м³)	Нақты бақылау нәтижесі (мг/м³) II тоқсан 2020 жыл	Нақты бақылау нәтижесі (мг/м³) III тоқсан 2020 жыл	Бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсыныстар
1	2	3	4	5	7
Тазарту алаңдарының ағалды сулары	Жүзгін заттар	39,9	29,0	27,5	Бұзушылықтар жоқ
	Аммонийлі азот	4,9	3,2	2,9	
	БПК <sub>5</sub> ОБТ - оттегіні биологиялық тұтыну	40,0	29,4	24,2	
	СБАЗ - синтетикалық беттік әрекеттік затты	5,0	2,1	1,5	
	Хлоридтер	348,0	240,6	274,1	
	Сульфаттар	300,0	175,4	160,8	
	Нитриттік азот	3,3	0,05	0,025	
	Нитраттық азот	44,0	15,2	20,5	

№ 3 кесте

### Радиациялық мониторинг

Бақылау нүктесінің №	Белгіленген норматив (мкЗв/ч)	Нақты бақылау нәтижесі (мкЗв/ч) II тоқсан 2020 жыл	Нақты бақылау нәтижесі (мкЗв/ч) III тоқсан 2020 жыл	Бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсыныстар
1	2	3	4	5
1 (Санитарлық-қорғау аймағы)	0,3	0,10–0,14	0,11–0,13	Бұзушылықтар жоқ
2 (Санитарлық-қорғау аймағы)	0,3	0,11–0,15	0,10–0,14	
3 (Санитарлық-қорғау аймағы)	0,3	0,12–0,14	0,12–0,14	
4 (Санитарлық-қорғау аймағы)	0,3	0,12–0,15	0,12–0,13	

№ 4 кесте

### Топырақ

Бақылау нүктесінің №	Ластаушы заттардың атаулары	Белгіленген норматив (мг/кг)	Нақты бақылау нәтижесі (мг/кг) II тоқсан 2020 жыл	Нақты бақылау нәтижесі (мг/кг) III тоқсан 2020 жыл	Бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсыныстар
1	2	3	4	5	7
1 (Санитарлық-қорғау аймағы)	Мыс	Норматив белгіленбеген	-	0,05	Бұзушылықтар жоқ
	Цинк		-	0,1	
	Сульфаттар		-	0,0019	
	Хлоридтер		-	0,12	
	Тығыз қалдықтар, %		-	0,082	
	Күрғақ қалдықтар, %		-	0,0090	
	pH		-	7,0	
	Мыс		-	0,02	
	Цинк		-	0,0	
	Сульфаттар		-	0,0015	
2 (Санитарлық-қорғау аймағы)	Мыс	Норматив белгіленбеген	-	0,10	Бұзушылықтар жоқ
	Цинк		-	0,074	
	Сульфаттар		-	0,0091	
	Хлоридтер		-	7,1	
	Тығыз қалдықтар, %		-	0,0	
	Күрғақ қалдықтар, %		-	0,5	
	pH		-	0,0010	
	Мыс		-	0,06	
	Цинк		-	0,080	
	Сульфаттар		-	0,0051	
3 (Санитарлық-қорғау аймағы)	Мыс	Норматив белгіленбеген	-	7,0	Бұзушылықтар жоқ
	Цинк		-	0,02	
	Сульфаттар		-	0,04	
	Хлоридтер		-	0,5	
	Тығыз қалдықтар, %		-	0,0022	
	Күрғақ қалдықтар, %		-	0,0	
	pH		-	0,08	
	Мыс		-	0,04	
	Цинк		-	0,5	
	Сульфаттар		-	0,0022	
4 (Санитарлық-қорғау аймағы)	Мыс	Норматив белгіленбеген	-	0,091	Бұзушылықтар жоқ
	Цинк		-	7,0	
	Сульфаттар		-	0,0082	
	Хлоридтер		-	0,091	
	Тығыз қалдықтар, %		-	0,0082	
	Күрғақ қалдықтар, %		-	7,2	
	pH		-	7,2	

«Байкен-У» ЖШС Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау секторы

## Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі



**Жуырда аудан әкімдігінде көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөнінде комиссия отырысы өтті. Көмелеті жасқа толмағандар арасында жүктілікті болдырмау және алдын алу шараларын талқылау, сараптап-саралау.**

### Лаура БИБАСАРОВА

Аудан әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаевтың төрағалығымен өткен комиссия отырысын онлайн режимде Балалардың құқықтарын қорғау

комитетінің Балалардың құқығын қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету басқармасының бас сарапшысы Тимур Қазтуғанов қосылды.

Күн тәртібіндегі өзекті мәселе бойынша бірінші болып аудандық білім бөлімінің басшысы Болат Ибрагимов хабарлама жасады.

Оның сөзінше, аудан бойынша көмелеттік жасқа жетпей жүкті болғандар саны – 9. Екеуінен басқасы аудан мектептерінде оқымаған. Жыл басынан бері «Көмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдер, жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алудағы 2019-2021 жылға арналған кешенді жол картасы» бағдарламасын басшылыққа алып, осындай жағдайларға байланысты профилактикалық жұмыстар атқарылып келеді.

Соңғы кездері жасөспірімдер мен жастар арасында ең өзекті мәселенің біріне айналған тақырыпқа бей-жай қарай алмаған аудан прокуроры Дарын Әбішұлы:

– Бұған атүсті қарауға болмайды. Жұмыс түсіндірме жұмыстарын жүргізумен шектелмеу керек. Арнайы топ құрып, ауыл-ауылды аралап, ерте жыныстық қатынасқа түсудің зияндылығын ата-аналарға түсіндіру керек. Ата-ана рұқсатымен тексеруден өткізіп, күмәнді деп танылған жасөспіріммен жеке жұмыс жасап, тіркеуге алу міндеті тұр. Мұндай жұмыстар жүргізілмесе мұндай

жағдайдың алдын алу қиын, – деді.

Ал жасөспірімдердің толық тексеруден өтіп немесе өтпейне байланысты сараптама жасап отыратын медицина саласының жауапты маманы, аудандық аурухананың бас дәрігерінің ана мен бала жөніндегі орынбасары Галия Тұрабаева: «Аудан бойынша 3640 жасөспірім бар, оның 1812-ы қыз бала. 2021 жылы 9 айда профилактикалық тексеруден 1631-і өтті. Олардың 714-інде аурушандық белгісі анықталып, артында емдік шаралары ұсынылды. Нәтижесінде сауықтырылғандар саны – 598. Ал мектеп жасында оқитын қыздар арасында криминалдық аборт жағдайы тіркелген жоқ. Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша аудан көлемінде түрлі тақырыпта семинар-тренингтар ұйымдастырып, алдын алу шаралары түсіндіріліп, жыныстық жолмен жұғатын аурулардың адам денсаулығына кері әсері түсіндіріліп келеді», – деді.

Жауапты сала мамандарының сөзінен кейін комиссия төрағасы Дархан Есалыұлы жасөспірімдер арасындағы ерте жүктілік отбасындағы тәрбиенің әлсіздігінен көресіздер. Егер жағдай осылай жалғаса бесе бұдан сорақы жағдайлар тіркелетін болады. Сондықтан үйден ата-ана, мектептен ұстаздар мен психолог мамандар бірлесі жұмыс жасау керек.



## Экологиялық тазалық мәселесі талқыланды

Төл газеттің №79 нөмірінде Жаңақорған кентінің «Тұрмыстық қатты қалдықтарды қабылауға, көмуге және жоюға арналған полигонның «Алдын ала қоршаған ортаға әсерін бағалау» жобасы, және «Сарман-Тастақ-Жаңақорған» ЖШС-нің «Тастақ-1 саздақ кен орнының» қоршаған ортаға әсерін бағалау» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау болатыны хабарланған еді. «Ордакент» ардагерлер және жастар ресурстары орталығында қоғамдық тыңдауға кенттегі көше комитеттерінің төрағалары қатысты. Қызылорда облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының өкілі Аружан Жолдасбекова арнайы келді.

### Ерубай ҚАЛДЫБЕК

Кент әкімдігінің бас маманы Алма Мамырова қоғамдық тыңдауды жүргізді. Күн тәртібіне сай Жанғали Үртеков хабарлама жасап, жобаның мақсаты туралы толық мағлұмат берді.

– Жаһандағы ең өзекті мәселе – тазалық мәселесі айналды. Озық елдер экологияны жақсартуға мән беруде. Әсіресе табиғи процесте ұзақ жылдар бойы жойылмайтын қатты заттарды (полиэтилен пакеттер, памперс, сусындылар құтылары және т.б.) далаға бей-берекет тастамауды талап етуде. Бұл мәселе біздің ауданнан да айналып өтпеді, – деді хабарламашы.

Кент басшыларының «күл-қоқыс және тұрмыстық қатты заттарды төгуге болады» деп рұқсат берген

Ордакенттегі қарьері тұрғындар мүдесінен шықпайды.

Біріншіден, қарьер қоршалмаған, ішінде ауыл малы өріп жүреді. Өйткені кентте арнайы мал бағуға бақташы жоқ. Күл-қоқыспен бірге тасталған заттар арасында малдар жейтін түрлі заттар да бар. Атап айтқанда күл-қоқыспен бірге ас қалдықтары да келеді.

Екіншіден, күл-қоқысты кеміп, жерді тазалаумен айналысу өз дәрежесінде емес. Сондықтан жаңа полигон салу үшін арнайы жер таңдау маңызды.

Ұсынғыс-пікірлер ескеріліп, жаңа полигонның орны Саяжайдың №10 көшесінің аяқ жағынан 1880 метр солтүсік-батысынан таңдалды.

– Жобада кездейсоқ немесе

басқа да бір жағдайға байланысты полигондағы қалдық, қоқыстарды өртеген жағдайда оның иісі мен түтіні кентке әсер етпейтін ету басты назарға алынды. Полигон аумағы қоршалып, қағаз бен полиэтилен целлофон қалдықтарын алуға, айналаға ұшып кетпейтіндей жағдай жасау көзделген. Бұл полигон кент тұрғындарының денсаулығы мен өміріне айтарлықтай зиян келтірмейтіндігін мәлімдеймін, – деді Жанғали Тілеубергенұлы.

Одан кейін кент тұрғындары Махмұт Оразұлы, Болатбек Мырзабеков, көше комитетінің төрағасы Жәніс Жақыпов пен Үмбет Абибуллаев, «Нұр-Шах» ЖШС төрағасы Нұрлан Садуақасов тазалыққа байланысты пікірлерін жеткізді.

– Тұрмыс қалдықтары көп шығатын полигонға жақын маңнан қалдықтарды пресстеп буып, ПЛП-сәтәсә бұйымдарды майдалап тұрайтын аппараттар қойып, дайын өнімдерді сақтайтын орын ғимарат салуға рұқсат ала алмай жүрмін. Бұл мәселе жөнінде аудан басшылары да хабардар. Мұның өзі біздің жұмысымызға айтарлықтай кері әсерін тигізеді, – дейді кәсіпкер.

Қоғамдық тыңдау барысында жиньға қатысушылар кәсіпкер-эколог Жанғали Үртековтың жаңа жер таңдауға байланысты жобасын қолдады.

Содан 1970 жылдары аудандық шаруашылық басқармасында зейнет жасына дейін бас есепші қызметін атқарған. Еңбек демалысына шыққанымен өмірінің соңына дейін осы салада қызмет еткен. Өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарап, тыңдаған қиындықтардың оңтайлы шешілуіне оң ықпал жасай білген нәр тұлғалы азаматтың еңбегі еленип аудан, облыс арасында ең үздік есепші марапаттарымен марапатталған.

Жан жары Дәмен Нұртілесқызы екеуі шаңырақ көтеріп 4 ұл, 4 қыз өсірген. «Адам ұрпағымен мың жасайды» демекші, перзенттерінің барлығы да еліміздің түкпір-түкпірінде адал қызмет етіп, ата жолын жалғауда. Балаларының бәрі де бүгінде ұрпақ өрбітіп, сан-салада қызмет етіп келеді.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

Жаңақорған тынысы» аудандық газетінің №80 17 қазан күні шыққан, Жаңақорған кенті, М.Көкенов №35 кент әкімінің ғимаратында 19 қазан 2020 жылы емес, 17 қараша күні кенттегі атауы жоқ көшелерге атау беру жөнінде, жергілікті қауымдастық жиналысы өтеді деп түзетіліп оқылысн.

### Жаңақорған кенті әкімінің аппараты КММ

### МҰРАГЕРЛІК КҮӘЛІК

#### Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңының 60-бабы негізінде

Қызылорда нотариаттық аймағының нотариусы Әлайдар Әбушахма Әсербайұлы, 16.07.2003 жылы ҚР ӘМ берген №0001505 Мемлекеттік лицензиясы негізінде әрекет етуші, 2020 жылы 13-қарашада қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Сунатқа ауылында тұрған азаматша Налтаева Замира Тажибаевнаның, 2020 жылы 18-ақпанда қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Шалқия кентінде тұрған азаматша Сапарбаева Кулжанның, 2020 жылы 28-маусымда қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Байзақов көшесі, №94 үйде тұрған азамат Нәлибаев Мадияр Жұмабековичтің, 2020 жылы 13-мамырда қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Бесарық бекетінде тұрған азамат Бекішев Сейсенбек Әсербайұлының, 2020 жылы 28-қазанда қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы Темінарқы ауылында тұрған азамат Мұқанов Сабырхан Асылхановичтің, 2020 жылы 28-мамырда қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Келінтөбе ауылында тұрған азамат Гилманов Рамазан Мендиғалиевичтің, 2020 жылы 8-қазанда қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Қандә ауылында тұрған азаматша Жусипова Шырнқұлдің, 2020 жылы 20-қазанда қайтыс болған, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Бірлік ауылы, Б.Ертаев көшесі, №25 үйде тұрған азамат Қарымсаков Есен Егеновичтің атынан мұрагерлік істің ашылғандығын хабарлайды.

**Мұрагерлері болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі, №134 ғимарат. Тел: 8(72435) 22 5 55, 8 775 418 45 55.**